

	«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ КАРАГАНДЫ»		
	Терапевтік бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ	Хаттама	Редакция: 1 1-бет

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Селектор 16.10.2025ж. № 4 хаттама

ЖБТ төрағасы: Тайжанова Дана Жумағалиевна

ЖБТ төрағасының орынбасары: Тойынбекова Рахима Жаксылыковна

ЖБТ хатшысы: Бодаубай Роза Бодаубаевна

Мамандықтар бойынша комитеттердің төрағалары **қатысты:**

Аллергология және иммунология Испаева Жанат Бахитовна

Гастроэнтерология ересектер Ларюшина Елена Михайловна

Гематология ересектер Тургунова Людмила Геннадьевна

Дерматовенерология Батпенова Гульнар Рыскельдыевна

Жұқпалы аурулар Ким Антонина Аркадьевна

Кардиология ересектер Тайжанова Дана Жумағалиевна

Еңбек медицинасы (Кәсіптік патология) Аманбекова Айгуль Укеновна

Неврология Григолашвили Марина Арчиловна

Нефрология ересектер Бачева Ирина Викторовна

Отбасылық медицина Абугалиева Глеужан Оразалиевна

Психиатрия Любченко Марина Юрьевна

Пульмонология Ибраева Лязат Катаевна

Ревматология ересектер Алина Асел Разаккызы

Терапия Тойынбекова Рахима Жаксылыковна

Фтизиатрия Тәбриз Нұрлан Сүлейменұлы

Эндокринология ересектер Молотов-Лучанский Вилен Борисович

Клиникалық фармакология Калиева Шолпан Сабатаевна

Физикалық медицина және оңалту, спорттық медицина, дәстүрлі медицина Шевелева

Наиля Игоревна

Клиникалық диетология Сулейменова Динара Сагындыковна

Функциональды диагностика Абилямажинова Гузяль Дуйсембековна

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жалпы тәжірбиелік дәрігері» мамандығы бойынша мамандандырылған интернатура бітірушінің оқу нәтижелерін (ОН) бекітуге талқылау және ұсыныс
2. «Терапия» мамандығы бойынша мамандандырылған интернатура бітірушінің оқу нәтижелерін (ОН) талқылау және бекітуге ұсыныс

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Жалпы практика дәрігері (ЖТД)» комитетінің төрайымы Т.О. Абугалиева «Жалпы практика дәрігері (ЖТД)» мамандығы бойынша мамандандырылған интернатураның түлегі үшін оқу нәтижелерін ұсынды. Қосымша 1.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде жиі кездесетін аурулар мен төтенше жағдайлардың тізбесі де ұсынылған. 2 және 3-қосымшалар.

2. «Терапия» мамандығы бойынша комитеттің төрайымы Р.Ж. Тойынбекова «Терапия» мамандығы бойынша мамандандырылған интернатураның түлегі үшін оқу нәтижелерін талқылауға ұсынды.

Қосымша 1. Сондай-ақ стационар деңгейіндегі жиі кездесетін аурулар мен шұғыл жағдайлардың тізбесі ұсынылған. 2 және 3 қосымшалар..

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ұсынылған ақпаратты назарға алу

2. Ұсынылған ақпаратты назарға алу

Оқу нәтижелер (ОН) — «Жалпы практика дәрігері (ЖПД)» мамандығы бойынша бейіндік интернатура түлектеріне арналған.

ОӘБ			ҰСЫНЫЛҒАН РЕДАКЦИЯ
Оқу нәтижелері			Оқу нәтижелері
ОН -1	Ересектер мен балалардың шағымдарын, анамнезін жинап, физикалық тексеру жүргізеді; АХЖ-10/11 негізінде алдын ала диагноз қояды.	КК1	Ересектер мен балалардың шағымдарын, аурудың анамнезін жинап, физикалық тексеру жүргізеді және алдын ала диагноз қояды.
ОН-2	БМСК деңгейінде жиі кездесетін ауруларға (ЖҚА, тыныс алу, эндокриндік, асқазан-ішек жолы, ЖРВИ/ЖИИ, ауырсыну, балалардағы қызба және т.б.) дифференциалдық диагностика жүргізеді.	КК1	Бастапқы медициналық-санитариялық көмек (БМСК) деңгейінде ең жиі кездесетін ауруларды диагностикалайды және дифференциалдық диагностика жүргізеді.
ОН-3	Қолданыстағы клиникалық ұсынымдарға сәйкес зертханалық және аспаптық тексерулер жоспарын құрып, нәтижелерін интерпретациялайды және БМСК ресурстарын ұтымды пайдаланады.	КК1, КК3	Қолданыстағы клиникалық ұсынымдарға сәйкес ең жиі кездесетін аурулар кезінде науқастарға арналған зертханалық және аспаптық зерттеулер жоспарын әзірлейді және олардың нәтижелерін интерпретациялайды.
ОН-4	Гипертониялық криз, жедел коронарлық синдром, бронхиалды астма статусы, анафилаксия, құрысу, гипо/гипергликемия және басқа шұғыл жағдайларда алғашқы жедел медициналық көмек көрсетеді және пациентті тиісті деңгейге бағыттайды/госпитализация ұйымдастырады.	КК3, КК4	Қазіргі заманғы ақпараттық-цифрлық технологиялар мен ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, медициналық құжаттаманы жүргізеді.
ОН-5	Клиникалық хаттамалар мен дәлелді медицина қағидаттарына сүйене отырып, емдеу және бақылаудың жеке жоспарын жасайды, созылмалы ауруларды (АГ, ҚД, ДЛП, БА/ӨСӨА және т.б.) жүргізеді.	КК1, КК3	Дәлелді медицина қағидаттарына және клиникалық хаттамаларға сәйкес емдеу мен бақылаудың жеке жоспарын жасайды.
ОН-6	Жұқпалы емес аурулардың алдын алу шараларын (скрининг, вакцинация, пациент мектептері: тамақтану, дене белсенділігі, зиянды әдеттерден бас тарту), диспансерлеуді ұйымдастырады.	КК4	
ОН-7	БМСК деңгейінде жүкті әйелдерді бақылауды (тәуекелдерді скринингтеу, маршрутизация) жүзеге асырады, жаңа туған және 1 жасқа дейінгі балаларға патронаж жүргізеді, олардың дамуын бақылайды.	КК1, КК4	Халық арасында профилактикалық және оңалту іс-шараларын жүргізеді.
ОН-8	Аймақ деңгейінде стандартты операциялық рәсімдерге (COP) сәйкес індетке қарсы іс-шараларды (ошақты анықтау, хабарлау, оқшаулау/маршрутизация, байланыста болғандарды бақылау) жүргізеді	КК3, КК4	Диагностикалық және емдеу үдерісін басқа денсаулық сақтау мамандарымен бірлесе отырып, көпсалалы (мультидисциплинарлық) командада тиімді ұйымдастырады және басқарады.

ОН-9	Пациенттермен және олардың отбасыларымен тиімді қарым-қатынас орнатады, емге бейілділікті қалыптастырады, мәдениет пен инклюзия қағидаттарын ескере отырып кеңес береді.	КК2	Жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту, сондай-ақ адам мен отбасының салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді.
ОН-10	Көпсалалы командамен және әлеуметтік қызметтермен бірлесе жұмыс істейді; медициналық көмек көрсетудің деңгейаралық сабақтастығын және телемедициналық кеңестерді ұйымдастырады	КК2, КК4	Пациенттермен, олардың отбасыларымен, әріптестерімен және қоғаммен барлық кәсіби қарым-қатынастарда этикалық қағидаттарды сақтайды.
ОН-11	Медициналық құжаттаманы (электрондық нұсқасын қоса алғанда) жүргізеді, Datumed, телемедицина және шешімдерді қолдау жүйелерін қолданады; нормативтік құқықтық актілер мен дәрігерлік құпияны сақтайды.	КК4, КК5	
ОН-12	Дәлелді медицина мен клиникалық эпидемиология қағидаттарын қолданады; клиникалық талқылаулар мен тәжірибені жетілдіруге қатысады	КК5, КК6	Жедел медициналық көмекті, оның ішінде алғашқы көмек пен реанимациялық іс-шараларды көрсетеді.
ОН-13	3 Негізгі психоәлеуметтік кеңес беру жүргізеді және үрей, депрессия, зорлық белгілерін бастапқы анықтап, тиісті бағыт береді.	КК1, КК2	
ОН-14	Үздіксіз кәсіби дамуға дайын екенін көрсетеді: жеке даму жоспарын жасайды, әріптестер мен мейіргерлерді оқытуға қатысады, стандартты операциялық рәсімдерді енгізеді.	КК6	

**Біріншілік медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі жиі кездесетін аурулардың
нозологияларының тізімі**

Ауруханаға дейінгі (амбулаторлық) пневмония
Бронхиалды астм
Жедел бронхит, жедел респираторлық аурулар (ЖРА), жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ)
Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСӨА)
Атеросклероз
Ишемиялық жүрек ауруы (тұрақсыз стенокардия, миокард инфарктісі, кенеттен жүрек өлімі)
Артериялық гипертензия
Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі
Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы (тұрақты күш түсу стенокардиясы, ауырсынусыз миокард ишемиясы, микроваскулярлық стенокардия)
Жүрек ритмі мен өткізгіштігінің бұзылыстары
Асқазан-өңеш рефлюкс ауруы (ГЭРА)
Асқазан мен он екі елі ішектің ойық жара ауру
Созылмалы холецистит
Созылмалы панкреатит
Вирустық В және С гепатиттер
Бауыр циррозы (вирустық және вирустық емес этиологиядағы)
Жедел ревматикалық қызба және жүректің созылмалы ревматикалық ауруы. Постстрептококкты артрит
Ревматоидты артрит
Остеоартроз
Подагра
Остеопороз
Қант диабеті
Семіздік
Диффузды токсикалық зоб
Гипотиреоз
Несеп шығару жолдарының инфекциялары
Бүйректің созылмалы ауруы
Бүйректің созылмалы жеткіліксіздігі
Бүйректің созылмалы алғашқы гломерулонефриттері
Түтікшеаралық (тубулоинтерстициалды) нефриттер
Теміртапшылық анемия
В12-витамин тапшылық анемиясы, фолий қышқылы тапшылық анемиясы
Жедел лейкоздар
Созылмалы лимфолейкоз
Жүктілік
Ерте токсикоз
Гестациялық артериялық гипертензия

Бала денсаулығын интеграцияланған басқару (БДИБ) шеңберіндегі қауіп белгілер
Ерте жастағы балалардағы ауыр бактериялық инфекция
Тамақтану жеткіліксіздігі (белок-энергетикалық тапшылық – БЭТ)
D витамин тапшылығына байланысты рахит
Балалардағы теміртапшылық анемия
Атопиялық дерматит
Балалардағы жедел респираторлық вирустық инфекциялар
Балалардағы бронхиттер
Балалардағы ауруханаға дейінгі (амбулаторлық) пневмония
Асқазан мен он екі елі ішектің ойық жара ауруы (балаларда)
Балалардағы өт шығару жолдарының дискинезиясы, холециститтер
Балалардағы бүйректің созылмалы ауруы. Цистит пен пиелонефриттің алдын ал
Балалардағы несеп шығару жолдарының инфекциялары. Бүйректің жедел жеткіліксіздігі
Балалардағы I типті қант диабеті
Панариций, паронихия, іріңді тендовагиниттер, пандактилит. Жұмсақ тіндердің хирургиялық инфекциялары
Жоғарғы және төменгі аяқ-қол сүйектерінің сынуы
Көру мүшесінің жарақаттары. Конъюнктивит мен қасаң қабықтағы бөгде денелер. Көздің соғылуы
Жұтқыншақтағы бөгде денелер. Сыртқы есту жолындағы бөгде денелер. Мұрын қуысындағы бөгде денелер
Несептің жедел іркілісі
Қызылша, қызамық, көкжөтел, дифтерия, паротит инфекциясы
Тұмау, жедел респираторлық вирустық инфекциялар
Сальмонеллездер
Дизентерия
Стрептококкты аурулар (ангина, скарлатина, рожистое воспаление – рожа)
Алғашқы туберкулез
Стафилодермиялар (фолликулит, фурункул, гидраденит)
Псориаз
Мерез (бастапқы, екіншілік, үшіншілік кезеңдері)
Гонорея
Ми қан айналымының жеткіліксіздігі (дисциркуляторлық энцефалопатия)
Ми қан айналымының жедел бұзылысы (инсульт)
Депрессия
Деменция
Өкпе обыры. Скрининг
Асқазан обыры. Скрининг
Ішек обыры. Колоректалды обырға скрининг
Әйел жыныс ағзаларының обыры. Жатыр мойны обырына скрининг
Сүт безі обыры. Скрининг

БМСК деңгейіндегі шұғыл жағдайлардың тізімі

1. Ересектер мен балалардағы анафилаксиялық шок
2. Клиникалық өлім
3. Ересектер мен балалардағы бронхообструктивті синдром
4. Өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ)
5. Асқынған гипертониялық криз (ЖМК — жедел ми қанайналымының бұзылысы)
6. Өкпенің ісінуі
7. Жедел коронарлық синдром
8. Кардиогендік шок
9. Гипогликемиялық кома
10. Кетоацидоз, кетоацидотикалық, лактатцидотикалық кома
11. Жедел асқазан-ішек қан кетуі
12. Ересектер мен балалардағы «жедел іш»
13. Преэклампсия / эклампсия
14. Жараларды алғашқы хирургиялық өңдеу (ЖАХӨ)

Арнайы «Терапия» мамандығы бойынша бейіндік интернатура түлектерінің оқу нәтижелері

№	Оқу нәтижесі	КК	Оқу нәтижесі (Терапия ББК ұсынысы бойынша)
ОН-1	Анамнез жинайды, физикалық тексеру жүргізеді, симптомдарды талдайды және клиникалық ойлау мен дәлелді тәсілдерді пайдалана отырып, алдын ала диагноз қояды.	КК1	Шағымдар мен анамнез жинайды, физикалық тексеру жүргізеді, симптомдар мен синдромдарды талдайды, жетекші клиникалық синдром мен оған ұқсас аурулар тобын анықтайды, клиникалық ойлау мен дәлелді тәсілдерді пайдалана отырып, алдын ала диагноз қояды.
ОН -2	Таралған терапиялық ауруларды (жүрек-қан тамыр, тыныс алу, эндокриндік, асқазан-ішек және т.б.) диагностикалайды және дифференциалдық диагностика жүргізеді.	КК1	Таралған терапиялық ауруларды диагностикалайды және дифференциалдық диагностика жүргізеді (қосымша 1-ді қараңыз).
ОН -3	Жеке тексеру мен емдеу жоспарын әзірлейді, өзара әрекеттесу, қарсы көрсеткіштер және клиникалық хаттамалар стандарттарын ескере отырып, ұтымды фармакотерапияны тағайындайды.	КК1, КК3	Коморбидті жағдайлар, қарсы көрсеткіштер және клиникалық хаттамалар стандарттарын ескере отырып, жеке тексеру мен емдеу жоспарын әзірлейді және ұтымды фармакотерапияны тағайындайды.
ОН -4	Жедел жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсетеді.	КК3	Жедел жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсетеді (қосымша 2-ні қараңыз).
ОН -5	Пациентке динамикалық бақылау жүргізеді, емдеуді түзетеді және оны бағыттайды (мамандарға жолдау, госпитализация).	КК3, КК4	Пациентке динамикалық бақылау жүргізеді, емдеуді түзетеді және оны бағыттайды (мамандарға жолдау, госпитализация).
ОН -6	Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасайды, сенімді қатынас орнатады, пациентке бағытталған тәсілді қолданады, емге және салауатты өмір салтына бейілділікті қалыптастырады.	КК2	Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасайды, сенімді қатынас орнатады, дәрігерлік құпияны сақтайды, пациентке бағытталған тәсілді қолданады, емге және салауатты өмір салтына бейілділікті қалыптастырады.
ОН -7	Созылмалы аурулардың алдын алу және ерте анықтау қағидаттарын біледі, санитариялық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді.	КК4	Созылмалы аурулардың алдын алу және ерте анықтау қағидаттарын біледі, санитариялық-ағартушылық жұмыстар жүргізеді.

ОН -8	Медициналық құжаттаманы (оның ішінде электрондық түрінде) жүргізеді, КМИС, eGov, телемедициналық қызметтерді және жасанды интеллект негізіндегі клиникалық шешімдер базаларын пайдаланады.	КК4, КК5	Медициналық құжаттаманы (оның ішінде электрондық түрінде) жүргізеді, КМИС, eGov, телемедициналық қызметтерді және жасанды интеллект негізіндегі клиникалық шешімдер базаларын пайдаланады.
ОН -9	Күрделі клиникалық жағдайларды шешу кезінде аналитикалық және зерттеушілік тәсілді көрсете отырып, клиникалық талқылаулар мен көпсалалы консилиумдарға қатысады.	КК5, КК6	Күрделі клиникалық жағдайларды шешу кезінде аналитикалық және зерттеушілік тәсілді көрсете отырып, клиникалық талқылаулар мен көпсалалы консилиумдарға қатысады.
ОН - 10	ҚР денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді, нормативтік құжаттарды және терапевттің емханада, стационарда және үй жағдайында жұмыс істеу қағидаттарын біледі.	КК4	ҚР денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етеді, нормативтік құжаттарды және терапевттің емханада, стационарда және үй жағдайында жұмыс істеу қағидаттарын біледі, сондай-ақ оңалту іс-шараларына қатысады.
ОН - 11	Терапия тиімділігін бағалау және шешім қабылдау үшін дәлелді медицина қағидаттарын қолданады, клиникалық ұсынымдар мен халықаралық деректер базаларын пайдаланады.	КК5	Терапия тиімділігін бағалау және шешім қабылдау үшін дәлелді медицина қағидаттарын қолданады, клиникалық ұсынымдар мен халықаралық деректер базаларын пайдаланады.
ОН - 12	Өздігінен білім алады және команда мүшелерін оқытады, кәсіби пікірталастарға, конференцияларға және біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысады.	КК6	Өздігінен білім алады және команда мүшелерін оқытады, кәсіби пікірталастарға, конференцияларға және біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысады.

Тараптық (терапиялық) аурулардың шамамен алынған тізімі

1. Пневмония
2. Бронхиалды астма
3. Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСОА)
4. Бронхоэктазиялық ауру
5. Плевриттер
6. Тыныс жетіспеушілігі
7. Өкпе жүрек ауруы (өкпе гипертензиясы, өкпе артериясының тромбоэмболиясы, өкпелік жүрек)
8. Белгісіз этиологиялы қызба. Сепсис
9. Жедел аллергиялар
10. Артериялық гипертензиялар (эссенциалды және симптоматикалық түрлері)
11. Жүректің ишемиялық созылмалы ауруы
12. Жүрек бұлшықетінің инфаркті және оның асқынулары
13. Жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылыстары
14. Миокардиттер
15. Жүректің жүре пайда болған ақаулары. Ревматикалық жүрек ауруы
16. Жүректің туа біткен ақаулары
17. Кардиомиопатиялар (бастапқы және екіншілік)
18. Инфекциялық эндокардит
19. Жүрек жеткіліксіздігі (жедел, созылмалы)
20. Метаболикалық синдром
21. Асқорыту жолдарының функционалды бұзылыстары (функционалды диспепсия, өт қабы мен Одди сфинктерінің функционалды бұзылысы, тітіркенген ішек синдромы)
22. Гастроэзофагеалдық рефлюкс ауруы
23. Созылмалы гастрит
24. Асқазан мен ұлтабардың ойық жара ауруы
25. Созылмалы холецистит. Өт-тас ауруы
26. Созылмалы панкреатит
27. Созылмалы гепатиттер (вируссыз және вирус тектес)
28. Бауыр цирроздары
29. Ішектің қабыну аурулары (ойық жаралы колит, Крон ауруы)
30. Тапшылық анемиялар (теміртапшылық, В12 тапшылық, фолий тапшылық)
31. Апластикалық анемиялар
32. Гемолитикалық анемиялар
33. Тромбоцитопениялар
34. Коагулопатиялар (гемофилия, Виллебранд ауруы, К витаминінің тапшылығы)
35. Тромбофилия
36. Тамыршілік шашыраңқы ұю синдромы (ДВС-синдром)
37. Лейкоздар (жедел, созылмалы)
38. Ревматоидты артрит
39. Жүйелі склеродермия

40. Жүйелі қызыл жегі
41. Дерматомиозит
42. Серонегативті спондилоартропатиялар
43. Инфекциялық артриттер
44. Остеоартрит
45. Подагра
46. Остеопороз
47. Қант диабеті
48. Гипотиреоз
49. Тиреотоксикоз
50. Аутоиммунды тиреоидит
51. Гиперкортицизм
52. Бүйрек үсті безі жеткіліксіздігі
53. Несеп шығару жолдарының асқынбаған және асқынған инфекциялары
54. Жедел және созылмалы түтікшелі-интерстициалды инфекциялар
55. Гломерулярлық аурулар. Гломерулонефриттер
56. Жедел бүйрек зақымдануы
57. Созылмалы бүйрек ауруы

Қосымша 2.

Терапевттерге арналған шамамен алынған шұғыл жағдайлар тізімі

1. Анафилактикалық шок
2. Клиникалық өлім
3. Бронхообструктивті синдром
4. Өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ)
5. Асфиксия
6. Гипертониялық криз
7. Өкпенің ісінуі
8. Аортаның ажыраушы аневризмасы
9. Жедел коронарлық синдром
10. Кардиогендік шок
11. Талма (есінен тану)
12. Септикалық шок
13. Гипогликемиялық кома
14. Кетоацидоз, кетоацидотикалық, лактатцидотикалық кома
15. Жедел асқазан-ішек қан кетуі
16. Гиповолемиялық шок
17. Жедел іш (жедел іш қуысы синдромы)
18. Жедел бүйрек үсті безі жеткіліксіздігі
19. Тиреотоксикалық криз
20. Гемолитикалық криз
21. Геморрагиялық синдром

- 22. Жедел бүйрек зақымдануы
- 23. Жедел бауыр жеткіліксіздігі
- 24. Тар QRS комплексімен пароксизмальды тахикардия
- 25. Кең QRS комплексімен пароксизмальды тахикардия
- 26. Преэклампсия / эклампсия
- 27. Жедел ми қанайналымының бұзылысы
- 28. Жедел психомоторлық қозу
- 29. Эпилепсиялық ұстама

Төрайымы:



Д.Ж.Тайжанова

Хатшы:



Р.Б.Бодаубай